



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | 2022



15 жылдығы

010000, Қазақстан, Астана қаласы

- 📍 Достық к-сі, 18 ғимарат, 20.48
- ☎ +7 705 114 32 50
- ✉ info@dara.kz
- 📷 @dara.charity
- 📍 daracharity Майя Акишевамен бірге
- 📺 Dara charity
- 🌐 www.dara.kz



ҚҰМЕТТІ ДОСТАР!

«Ең қызығы, осы 15 жылдың ішінде басымыздан өткен оқиғалардың біреуін ерекшелеп айту қиын. Басымыздан өткен деп бекер айтпаймыз, әрбір болған нәрсе өне бойымыздан өтті, жүрегімізден өткіздік. Бәріміз – үлкеннен кішіге дейін, көмектескендер де, көмек көрсеткендер де – шын мәнінде, кім-кімге көмектескенін ерекшелеп айтуда қиын.

Қайырымдылық – оңай нәрсе емес. Бұған дайындықпен келеді – кейде айналысып жатқан ісіңе берілуің сонша, өзің туралы, айналаңдағылар туралы, жеке басыңның проблемалары мен тіпті қуаныштарың ұмытып

кетесің. Қайырымдылық әлсіздерді ұнатпайды, мықтыларды аямайды, адалдарға жүз пайыз сенбейді және өтіріктің қандай да болмасын көрінісін қабылдамайды.

Қазақстандағы қайырымдылық саласы түрлі қайырымдылық қорларымен қатар дамыған, оның ішінде «Дара» қоры да бар. Біз көп нәрсені үйрендік, өстік, қателестік, әлемді жақсы жағына өзгертуге тырыстық, үмітімізді үзген кездер де болды, таластық, дауластық, дәлелдедік, қуаныштан төбеміз көкке жеткен кездер де болды. Бірақ ең бастысы – біз әрдайым дұрыс нәрсемен айналысып жүргенімізге нық сенімді болдық!

Бізде КЕҰ, коммерциялық емес ұйым, менеджерлерін дайындайтын арнайы институттар немесе біліктілікті көтеру курстары болмаған. Басқа елдердегі сәтті аяқталған жобалардың тәжірибелерін мүмкіндігінше өзімізге алып, кез-келген жаңа мәліметтерді қабылдауға тырыса-тынбыз. Біз, қолымыздан келгенше, жақын қайырымдылық көрсетушілерімізге барынша қолдау көрсетіп, ал олар өз кезегінде жанашырлық танытып, көңілімізді көтеруге тырысатын. Біз бірігіп ортақ жобалар жасайтынбыз, болған жағдайларды талдаудан өткізіп, қол ұстасып көмек көрсетуге аттанатынбыз, кейде ұтылатынбыз, бірақ жеңген сәттерімізде бірге балаша қуанатынбыз.

Жеңістеріміз көп болды! Қайырымдылық тақырыбы елімізде жарқын, қызықты әрі көпвекторлы тақырыптардың біріне айналды және маңыздысы – көп адамдардың көңілін аударды. Бізге қоғамның санасының өзгеруін, салыстырмалы түрде аз уақытта, бастан өткеруге, барлығын қысқа мерзімде, өте жылдам үйренуге тура келді. Сондықтан болар, біздің жобала-рымызда теория мен практика қатар жүріп қана қоймай, кейбір бастамаларымыз сырт көзге эксперимент

ретінде қабылданған болар.

Көптеген бастамалардың алғаш бастаушысы біз болдық – қалалардағы алғашқы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар үйінен шыққан алғашқы ЖОО-ның студенті, көру қабілеті нашар балаларға арналған Астанадағы алғашқы сынып, «ерекше» балалардың арасында өткізілетін конкурстар мен жарыстардың тұрақты бірінші орындардың иелері. Сонымен қоса, бірнеше қорлармен бірлесіп бастаған Қазасқстан Республикасының отбасы кодексіндегі асырап алу тәртібіне енгізілген алғашқы толықтырулар мен өзгертулерді ерекшелеп айтпай өте алмаймыз.

Мемлекет қашанда жобаларымыз іске асуындағы басты стратегиялық серіктесіміз болған және солай болып қала бермек. Және осы серіктестіктің ең мықты жағы болып, әрине, біздің заңнамалық базаға ықпал ете алатынымыз болып табылады.

Біз, «Дара» қоры, әр баланың мектепке лайық екенін әрдайым білетінбіз, алайда бүгінде әр мектеп біздің бенефициарымызға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға лайық екенін айтуға құқығымыз бар. Инклюзивті білім берудің қалыптасуы ұзақ жол болды. Бұл жолды біз мемлекеттік басқару органдарымен бірге, педагогтармен бірге және бастысы – ата-аналармен бірге әлі де өтіп келе жатырмыз. Осы кезі үлкендер барлығын тым қиындатып жіберетініне көзіміз жетті, ал балалар көп ойланбай, тұра алмайтындарға қол ұшын беріп, тіреп жіберіп, қажет болса, қиналғандарды жай ғана жылы құшақтарына алып, бірге ойнап-күліп, білім алып, армандарына қарай жүгіріп кетті! Бастысы – бірге!

Біз, «Дара» қоры, әр бала бақытты өмірге лайық екенін білетінбіз. Егер оның енді ғана басталған өмір жолында «ақымақ» үлкендер

кездесіп жатса, қол ұшын беріп, түсіндіріп, қолдап, қабылдап қана қоймай оны аяқ-асты жақсы көріп кетуге де болады, болып қана қоймай солай істеу керек те. Ал ары қарай қажет болған жағдайда бірден иығын тірейтін адам мен көзінде үміт оты жанған адам, ұстазы мен тәлемгері, ересек пен бала бірге жүруі шарт.

Қайырымдылық деген оңай тақырып емес. Бірақ бұл – менің барлық жеңістерім мен жеңілістерімді менімен бірге басынан өткіріп жүрген отбасыммен, уақыт өте келе «Дара» қорының достары болып кеткен жолдастарыммен, шекараларды бұзып, стереотиптерді жоятын, қойылған мақсаттардың деңгейін әрдайым көтеретін, ойымыз бір жерден шығатын пікірлес адамдармен он бес жылда басымыздан өткен ең керемет нәрселердің бірі деп айттар едім.

Қайырымдылық деген армандай алатын адамдар үшін. Бірақ армандарына тек сеніп қана қоймай, оны дәл қазір іске асырып бастайтындар үшін. Мен көптеген отандық қорлардың, соның ішінде «Дара» қорының, жұмыстарының арқасында Қазақстандағы кәсіпқой қайырымдылық ұлттық идеяға айналып, біздің күнделікті өмірімізге сіңіп келе жатқанына өте қуаныштымын. Бұл керемет нәрсе!

Құрметпен,
Гульнар Досаева
«Дара» қайырымдылық қорының негізін қалаушысы

Бұл әңгімені QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыз



2022 ЖЫЛЫ БОЛҒАН АТАП ӨТУГЕ ТҰРАРЛЫҚ ОҚИҒАЛАР



ҚАҢТАР

2021 жылы болған жаңа жылдық жәрмеңкенің қорытындысын шығарып, балалардың армандарын орындауға кірістік



АҚПАН

«Дара» қорының 15 жылдығына орай көпшілікке қызық болатын өзіміздің YouTube каналымызды жүргізіп бастадық



НАУРЫЗ

Петропавл қаласында «Тәлімгер» жобасын іске қосу жайында ынтымақтастық шараларын бастадық



ШІЛДЕ

балабақшалардағы көзінде мүкісі бар және көру мүмкіндігі шектелген балаларға арнап арнайы дамытуға арналған материалдар алуға Tooba платформасында 1 600 000 теңге жинадық



ТАМЫЗ

Астана қаласындағы ҚР Ұлттық мұражайында «Аудиодескрипция: Қазақстан мұражайларындағы қолжетімді орта» атты жоба өз жұмысын бастады. Бұл көру мүмкіндігі шектелген жандарға өнер әлемін жақындатуға бағытталған жобаның іске асырылған алтыншы қаласы



ҚЫРКҮЙЕК

Қарағанды қаласында, Жамбыл облысы Луговое ауылы мен Атырау облысы Доссор ауылында инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарын аштық



СӘУІР

Тәлімгерлер күнін атап өттік және Алматы қаласында «Тәлімгерлер: балалар үйінен шыққан балалармен достық туралы» кітабінің тұсаукесерін өткіздік



МАМЫР

Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында Инклюзивті білім берудің ғылыми-зерттеу зертханасы аштық



МАУСЫМ

Семей, Палодар, Қарағанды, Атырау сияқты 4 қалада «Аудиодескрипция: Қазақстан мұражайларындағы қолжетімді орта» атты жобамыздың презентациясын өткіздік



ҚАЗАН

«Дара» қорының 15 жылдығына орай, Алматы қаласында BIRGE ÖSKENDE / GROWING TOGETHER көрмесін ашып атап өттік



ҚАРАША

көру қабілеті нашар балаларға арналған «Түймеқыз» балалар спектаклінің орысша, қазақша аудио сипаттамасын бітірдік, қуыршақтар театрындағы көрсетілімдер алдындағы алғашқы репетицияларын өткіздік



ЖЕЛТОҚСАН

Балалар үйінің түлектеріне колледждер мен ЖОО түсуге көмектесу үшін funDARAising.kz жаңа жылдық жәрмеңкесін іске қостық

«ДАРА» ҚОРЫНЫҢ 15 ЖЫЛДЫҒЫ

*«Жомарт жүрек мұхит
сияқты ешқашан қатпайды»*

*(Карл Людвиг Бёрне, неміс
публицисті және жазушысы).*

Қордың мерейтойына орай
BIRGE ÖSKENDE / GROWING TOGETHER
көрмесі ұйымдастырылды

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының мерзімді басылымдар залына қазанның 14 мен 23-і аралығында кез-келген адам келіп көре алды. Әр келуші біздің қорымызбен бір құндылықтарды бөлісетіндігінің белгісі ретінде өсімдіктердің тұқымдарын отырғызуына мүмкіндіктері болды. Көрме көзі нашар көретіндерге арналған аудиогидпен қамтамасыз етілген

Инсталляцияның негізгі мақсаты – қайырымдылыққа назар аударту және оны өміріміздің бір бөлігі ретінде қалыптастыру. Сонымен қатар көрме барысында жаңа проект ұсынылды – жұмысына әр қазақстандық қатыса алатын коммерциялық емес «DOS» интеллектуалдық волонтерлер қоры. «DOS» көмекке мұқтаж жандарға тікелей көмектесуге және қоғамның санасының жоғарылауына мүмкіндік береді.

<http://dos.community/>



Жания Сауранбаева
Digital – «DOS» жобасының менеджері



«Қанаттанған балаларды көру – ол бақыт! Корпоративтік тәлімгерлердің бір кездесуінде Гульнар өз алғыс айту сөзінде: «Сіздер сияқты адамдардың арқасында біз балаларға балықты дайындап бермейміз – біз оларға қармақ береміз», - деп атқан еді.

Білесіздер ме, қор тек балаларды ғана емес, оған көмектесетін адамдарды да бақытты қылады. Сол кездесудің барысында қордың достары балалармен байланысты оқиғаларды жылулықпен еске алған еді. Олардың өз қамқорлығындағы әр балаға қаншалықты уайымдайтыны, өмірдің қиын кезеңдерін басынан өткізген балаларға өз жолдарын табуға қаншалықты көмектескісі келетіні көрініп тұрды.

Өз басым туралы нық сеніммен айта аламын, «Дара» қорының жобаларынан уақытша алшақтау немесе мүлде қатыспай қою мүмкін емес нәрсе екен. Сондықтан болар, басқа салада жұмыс істеп көріп, біраз уақыттан кейін интеллектуалдық қайырымдылық бағытын насихаттап жатқан жаңа «DOS» жобасын дамыту үшін қайтып келдім. Айтылып жатқан бұл жобаның шекаралары мен шектеулері жоқ, мұнда өз уақыты мен дағдыларын басқаға сыйлағысы келетін әр адам волонтер бола алады!», - Жанияның әңгімесінің толық нұсқасын QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

15 жылдық қызметінің барысында «Дара» қоры бүкіл Қазақстан бойынша 40 000 мыңнан астам балаға

қол ұшын берді


«Дара» қорының миссиясы – қиын өмірлік жағдайларда қалып қойған жетім балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктер аясын кеңейту мен әлеуметтендіруге, өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған жобаларды іске асыру болып табылады.

Біздің принциптер:

- серіктестік
- ашықтық
- құзыреттілік
- даму



БҰҰ әзірлеген
Тұрақты даму
мақсаттарына
адалмыз



Жылдар / Көмек алған балалар саны



ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАР:

«Балалар кардиохирургиясы» жобасы	«Ауруханадағы сайқымазақтар» жобасы
«Иппотерапия» жобасы	Перифериялық енгізілген орталық веноздық катетерлерді (PICC) Қазақстанда іске асыру жобасы
«Футбол секциясы» жобасы	
«Дәнекер» жобасы	«Әлемді ашамыз» жобасы: Көкшетау қаласында көзі нашар көретін балаларға арналған топтардың ашылуы
«Күлімсіреу күні» акциясы	
«Таланттарды дамыту: инклюзивті театр және арт-студия» жобасы	«Би секциясы» жобасы
«Тәлімгерлер» жобасы	«Pumper's drive» акциясы
«АртСпортФест» акциясы	«Әралуан, бірақ тең» жобасы
«Ұласу» жобасы	«Әлемді ашамыз» жобасы
«Тілектер шыршасы» акциясы	«Коучинг» жобасы
МузТВ Гравитация сыйлығы	«Арыс балаларына көмек» акциясы
«Әралуан, бірақ тең» жобасы: инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарының ашылуы	«Күлкі сыйла» жобасы
Маңғыстау облысындағы Құрық ауылы мен Алматы қаласында инклюзивті балалар ойын алаңдарының ашылуы	«Жаңа жылдық ғажайыптар» акциясы
«Қазақстан мұражайларына арналған аудио сипаттамалар» жобасы	«Әлемді ашамыз» жобасы аясында Астана және Ақтау қалаларында голбол секцияларының ашылуы
DaraBilim қайырымдылық онлайн аукционы	«Әралуан, бірақ тең» жобасы: құрдастан құрдасқа, Қуаныш шеберханасы
«Тәлімгерлер» жобасы: Корпоративтік тәлімгерлік, Білім беру жобасы, Жақсылық шеңбері	Тәлімгерлердің онлайн-мектебінің іске қосылуы
	Тараз қаласы және Алматы облысында инклюзивті балалар ойын алаңдарының ашылуы
	«Gymboree» жобасы
	FunDARaisining.kz жаңа жылдық жәрмеңкесі

15 ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ БАРЫСЫНДА БІЗДІ ҚОЛДАҒАҒАНДАРДЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ:


Қазақстанның барлық аймақтарындағы орталық және жергілікті атқарушы органдар

700 меценаттар – қорымыздың достары
-ден астам

300 заңды тұлғалар – ұлттық компаниялар мен түрлі салалардағы серіктестер
-ден астам

140 мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар біздің бенефициарларымыз болып табылады
-тан астам

ГЕОГРАФИЯ НАШИХ ПРОЕКТОВ



КАДР СЫРТЫНДА ҚАЛҒАН ОҚИҒАЛАР

«Дара» қорының 15-жылдық мерейтойына арнап, BIRGE ÖSKENDE / GROWING TOGETHER көрмесінің қонақтарына қорымыздың командасы мен достарының жеке және бірегей оқиғалары аудио форматта ұсынылған. Мұнда оқырмандар қорымыздың қалай құрылғандығы туралы, балалардың жетістіктері, жобалардың іске асырылу барысы мен жобалардың ғана емес, соған қатысы бар адамдардың да уақыт өте келе қалай өзгергендігі туралы қызықты әрі шабыттандыратын әңгімелерін тыңдауларына болады. Барлық оқиғаларды QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар немесе есеп беру парақшасынан оқи аласыздар.

Жанна Рахметуллина «Дара» қорының қаржы директоры

«2009 жылы мен Астана қаласындағы «Дара» қорының еріктілерінің бірі болған едім. Ол кезде қорымыздың негізгі бенефициары Алматы қаласындағы А.Н. Сызғанов атындағы ұлттық хирургиялық ғылыми орталығы болған. Қорымыз орталықтың неонатальды бөлімшесіне жабдықтар сатып алынған еді, сонымен қатар біз сәбилерді шетелдерге операция жасату үшін апарып жүрдік, кейде шетелдік мамандар клиника қабырғасында ота жасау үшін біздің елге келіп жүрді.

Статистикаға сүйенсек, 2009 жылдың басында біздің елемезде 6000 жуық сәби туа біткен жүрек кемістігі диагнозымен дүниеге келген екен. Олардың барлығы тез арада ота жасауға мұқтаж еді. Ең қиыны – хирургиялық әрекеттерді 12 килограмнан асқан сәбилерге ғана жасауға болады. Ал мұндай салмаққа балалар тек 1 жасқа таяу жетеді. Дәл сол статистика бойынша 1 жасқа дейін дүниеге келген балалардың 10-15% ғана тірі қалған екен.

Салмағы аз сәбилерге клиника қабырғасында ота жасауға мүмкіндік алулары үшін біздің қазақстанның дәрігерлер бригадасын Бергамо (Италия) қаласындағы кардиоорталыққа жіберу шешімі қабылданды. Тез арада бес дәрігердің құжаттары Астанаға жөнелтілген, мен конверттерді ашқан кезде досьеде құжаттарың толық емес екендігі,

фотолардың форматы елшіліктің талаптарына сай емес екендігі белгілі болды, оның үстіне уақыт тым аз еді. Ол кезде алдын ала жазылып бару мүмкіндігі жоқ болғандығынан мен өте үлкен кезекті күтіп, оператордың алдына жеткенде консулдың өзімен кездесуге сұрандым. Бүкіл қиын жағдайды егжей-тегжейімен түсіндіруге дайындалып барғаныммен ұзақ сөйлеспедік.

Еуропаның дипломатиялық өкілдері виза беруге қаншалықты мұқият қарайтынын және әдетте рұқсат берудің қанша уақытқа созылатынын білетіндіктен, соншалықты шын жүректен көмек көрсеткендеріне өз басым таң қалып, риза болдым. Әралуан тілде сөлеп отырсақ та, кішкентай бірақ өте бағалы адам өміріне деген махаббат пен қамқорлық арқасында бір-бірімізді түсінгенімізге алғысым шексіз!

Содан бері көп жылдар өтсе де, мен әлі де сол адами текті әрекеттерін жылулық пен ризашылықпен еске аламын!», – қорымыздың жұмыс істеп келе жатқан 15 жылы бойы әр кезі адамгершілік мейірімділіктің көрінісі жайлы осындай оқиғалардан жалықпаймыз, жоғарыдағы әңгімені аудио форматта QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыз.




ЖИЫНТЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

«Мейірімділік, сенің атың – адам!»

(Лотреамон, француз ақыны).

2021 ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ САЛЬДО*		41 505 626	
Табыс	теңге	Шығындар	теңге
Демеушілердің үлесі – заңды тұлғалар	81 321 489	Жобалардың шығындары	130 743 422
Гранттар	6 508 425	Кеңселермен қамтамасыз етуге кеткен шығындар	5 747 649
Қайырымдылық көрсетушілердің үлесі – жеке тұлғалар	55 975 000	Жалақы қоры	118 200 435
Бокстардан қайырымдылыққа жиналған табыс	315 600	Қаржылық қызметтер (банк комиссиялары)	256 951
Онлайн қайырымдылық	24 465 549	Басқа да шығындар	7 670 226
Негізін қалаушының үлесі	166 063 334	Маркетинг шығындары	32 731 436
Жалпы	334 649 397	Жалпы	295 350 119
2022 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ САЛЬДО		39 299 278	
2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ САЛЬДОНЫҢ ЕСЕБІМЕН БІРГЕ		80 804 904	



*Оң нәтижелі сальдоның ішіне ұзақ мерзімді жобаларға берілген заңды және жеке тұлғалардың аванстық төлемдері кіреді.

ИНКЛЮЗИЯ

«Егер біздің жүрегіміз махаббатқа толы болса, әрбір кездескен адам бізге бауыр болады. Балалар дәл солай өмір сүреді – қарапайым, табиғи қалпында, басқаларды оңай қабылдайды»

(XIV ғасыр Далай Лама, тибеттік буддизм ізбасарларының рухани жетекшісі, Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты).

2022 жылы ашылған 46 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінен

10 000 балалар мамандардың көмегін алды

-нан астам

2022 жылы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің желісін көбейту бойынша жұмысымызды жалғастырдық. Сол кезде Атырау қаласында, Жамбыл және Түркістан облыстарында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін ашу бойынша жұмыстар жүргізіліп бастады.



Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінен мамандардың көмегін алған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны, өсім жобаның іске қосылған кезінен байқалады. Жылдар/балалар саны



Марал Шешембекова
«Дара» қорының жобалар мен бағдарламалар директоры:

«Педагогтармен кездескен кездерімде мен білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы өзімнің жақсы көретін әңгімемді жиі айтамын. Менің ойымша бұл жақсы әңгіме!»

... Баяғыда ерекше балалар мен кәдімгі балалар болған. Кәдімгі балалар өздерінің қалыпты мектептеріне баратын, кәдімгі мұғалімдер өткізетін кәдімгі сабақтарға қатысатын, мектептегі кәдімгі күнделікті шаруаларымен аналысатын. Ерекше балалар арнайы мектептерге баратын, арнайы залдарда арнайы сабақтарға қатысатын және арнайы мектеп іс-шараларына қатысатын. Оларға қатысты нәрселердің барлығы ерекше болғандықтан олардың мұғалімдері де ерекше болған.


Бірақ сосын ерекше балалардың іс-әрекеттері мен жұмыс істеу қабілеттері қалыпты немесе соған жақын болса, кәдімгі сыныптарға орналастыруға рұқсат беру тенденциясы қалыптаса бастады.

Одан ары қарай ықпалдасу, бірігу уақыты басталды, ол уақытта балалар әлі де ерекше болып есептелсе де, оларды қатты қиын болмайтын кәдімгі сабақтарға кіруге рұқсат беретін болды. Дәл осы нәрсе балалармен жұмыс істейтін үлкендердің бір-бірімен оқыту әдістері туралы сөлесе бастауларына, кейде барлық балалардың ерекшеліктерін ескере отырып сабақтың барысын жоспарлауға итермеледі.

Сосын инклюзияның алтын уақыты басталды. Ерекше оқушылар үйлерінің жанындағы мектептерге баруларына мүмкіндік туып, кәдімгі балалармен бірге қалыпты сабақтарға қатыса алатын болды, ал сабақты оларға кәдімгі мұғалімдермен қатар арнайы мұғалімдер де беретін. Барлығы бірге – бір команда болып! Нәтижесінде барлық мектептер – бірыңғай, ал іс-шаралар – ортақ болды. Ерекше балалар мен кәдімгі балалар барлығын бірге істейтін. Ең бастысы – олар «ерекше» немесе «кәдімгі» балалар деп аталмай, жай ғана БАЛАЛАР болды.

Сіздер «мұғалімдер қайтті? – деп сұрарсыздар. Кәдімгі мұғалімдер бұрынғыға қарағанда ерекшеленіп, арнайы мұғалімдер сәл қарапайымданды. Олар бір-бірінен көп нәрсені үйренді. Енді олар жай ғана ОЛАРДЫҢ МЕКТЕПТЕРІНДЕ БІЛІМ АЛАТЫН ОҚУШАЛЫРДЫҢ ҰСТАЗДАРЫ», – Марал балалар мен мамандарға білім беру жүйесіндегі инклюзияның нағыз құндылығын көрсетеді, соңғы 15 жылдағы біздің істеп жатқанымыздың қаншалықты маңызды екенін қарапайым сөздермен айтып берді. Бірақ кадр сыртындағы әңгіменің толық нұсқасын QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар. Сонымен қатар, көп жыл бұрын «Инклюзия» жобасы бойынша жұмыстардың қалай басталып, инклюзияның қоғамда дамуы мен алға жылжуы үшін педагогтар, ата-аналар мен мектептердің серіктестігі қаншалықты маңызды фактор екендігі жайында көп қызықты фактілерді тыңдай аласыздар.

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің желісін кеңейту, жоба басталғаннан бастап өсім болды



Жылдар / ППТК саны



Сауле Бексултанова
«Инклюзия» жобасының жетекшісі

«Күн аяқталуға жақындады. Біз командамызбен күні бойы жұмыстарымызбен жүгіріп жүріп, кешке қарай тірек-қимыл аппаратымен қиындықтары бар балаларға арналған Гросс тренажерын Қордай ауданының түзеу кабинетіне орнату үшін келдік. Балалардың біразына түсіндіріліп, тренажермен жұмыс істеп көріп, ақырында бір қыз қалды. Кезегі келгенін қатты күтіп тұрғаны көзінен көрініп тұрған еді. Ол қыздың аты – Арай болатын. Ол басқа балалардың істеп жатқандарына қорықпай, терең қызығушылықпен көз алмай қарап, өз кезегін күтіп отырды. Ол жаттықтырушыны мұқият тыңдап, барлық жаттығуларды орындап жатып, аяқ асты, бар дауысымен:

- Мама, сен қарап тұрсың ба? Мен істей алады екенмін!- деп айтты.

Дәл сол моментте айналадағы қарбаластың бәрі тоқтап, терең тыныстап, қорымыздың жүргізіп жатқан үлкен жұмыстырының құндылығы мен нәтижесі осындай қысқа ғана өмірлік сәттерде көрінетінін түсіндім», - деп Сауле қорымыз бүкіл Қазақстан бойынша психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде Гросс тренажерын орналастыру жұмыстарын жүргізген кездегі болған осындай жарқын сәттерге толы оқиғасымен бөлісті. Сауленің әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-ды сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.




8 инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары ашылды

2022 жылы ашылған аймақтар:

- Жамбыл облысындағы Луговое ауылы
- Түркістан облысындағы Сарыағаш қаласы мен Темірлан ауылында
- Қостанай облысындағы Жетіқара қаласы мен Сарыкөл ауылында
- Атырау облысындағы Доссор ауылы мен Мақат ауылында
- Қарағанды қаласында

Қазақстан бойынша инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтар желісінің кеңеюі, жоба басталғалы бергі өсім көрсеткіштері



Жылдар / ИББЦ саны

2396

рекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жоба іске қосылғаннан бері Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары ашылған мектептердегі мамандар мен мұғалімдер қолдау көрсетті



Бахыт Амрина
№1 Астана қаласындағы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің басшысы



«2010 жыл мен Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания консулдығының ұйымдастырылған «Мектеп серіктестіктері» жобасына қатысқан едім. Мектептерге барған кездерде мен мүмкіндігі шектеулі балалар өз қатарластарымен қатар білім алып жүргенін көрдім. Мамандығым бойынша сурдопедагог болғандықтан; балалардың кохлеарлы имплантациядан кейін мүлде саңырау болатынын ескере отырып, басқа балалардан еш ерекшеленбейтінін байқамай қалу мүмкін еместігін ескердім. Англиядағы мектептердегі инклюзия бойынша көрген, алған тәжірибем, біздің балаларымыз да дәл солай білім ала алатынына көзімді жеткізді!» - Бахыт Амрина өз әңгімесінде Астана қаласында кохлеарлы имплантациядан кейін 70-тен аса бала жалпы білім беретін мектептерде білім алып жатқанын айтып, осындай нәтижелерге жету үшін әріптестерімен соңғы 10 жылда басынан кешкендерімен, қандай жұмыстар жасалғандарымен, қандай бірегей тәжірибе мен білім алғандары туралы бөлісті. Және оның ойынша, психологиялық-педагогикалық коррекция кабинеттері мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті білім берудің алғашқы қадамдары болып табылады. Бахыт Амринаның әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

Мамыр айында Алматы қаласындағы Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің базасында Инклюзивті білім берудің ғылыми-зерттеу зертханасы ашылған болатын.

Лаборатория инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы зерттеу жұмыстарымен; зерттеу жұмыстарына мұғалімдерді, студенттер мен магистранттарды, докторанттарды тартумен; «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша қос білім беруді ұйымдастыру; жалпы және арнайы білім беретін ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтумен айналысады.



ТАЛАНТТАРДЫ ДАМУ: ФУТБОЛ ЖӘНЕ БИ СЕКЦИЯЛАРЫ

«Мүмкін емес нәрсе – ештеңе емес»

(Мұхаммед Али, американдық спортсмен, әлемдік бокс тарихындағы ең танымал боксерлердің бірі).

14 жылдан астам уақыт бойы қорымыз Алматы қаласындағы №9 мектеп-интернаттағы ауыр сөйлеу ақаулары бар балалар жаттығатын би секциясына көмектесіп келе жатыр. Хореограф Марат Бекбергеновтың жетекшілігімен балалары үлкенірек «9 планета» және кішірек балалар қатысатын «Непоседы», кейінірек атауы «ЖанKids» деп өзгертілген, топтар тәлім алып жүр. Осы уақытта 237 бала жобаға қатысты, әр жыл сайын балалар қиын әрі әдемі өнерлерін көрсетіп, көптеген халықаралық және республикалық конкурстардың жеңімпаздары болды.



2022

Өскемен қаласында өткен есту қабілеті бұзылған спортсмендер арасында өткен ҚР Чемпионатында 1 орын

2021

Астана қаласында өткен футбол бойынша ҚР Біріншілігінде 4 орын

2019

Алматы қаласында өткен есту қабілеті нашар балаларға арналған спартакиадада 2 орын

2018

Словакияда өткен халықаралық футбол турнирінде 1 орын

2014

Словакияда өткен халықаралық футбол турнирінде 2 орын

2013

Словакияда өткен халықаралық футбол турнирінде 3 орын

2011

Мини-футболдан өткен Республикалық біріншілікте 2 орын

2022

Шымкент қаласында өткен футбол бойынша ҚР Чемпионатында 2 орын

2016

Екі халықаралық турнир мен бірнеше Қазақстандағы жарыстарда қатысу

2019

Петропавл қаласында өткен есту қабілеті бойынша инвалид жас жігіттер арасында өткен ҚР Чемпионатында 3 орын

2015

Словакияда өткен халықаралық футбол турнирінде 1 орын

2014

Республикалық мини-футболдан өткен чемпионатта 1 орын

2011

Словакияда өткен халықаралық футбол турнирінде 4 орын

2010

Республикалық мини-футболдан өткен турнирде 3 орын

14 жылдан астам уақыт бойы қорымыз есту қабілеті бұзылған балаларға арналған Алматы қаласындағы №5 мектеп-интернатының жасөспірім тәрбиеленушілері жаттығатын футбол жобасын қолдап келе жатыр. 17 жасар жас жігіттер бапкер Асыл Ибраимовпен жүйелі түрде футболмен айналысады. Команда құлағы естімейтін балалар арасында өткен республикалық және халықаралық жарыстарда (алтын, күміс) жеңістері бар. Осыған дейінгі уақытта осы жобада 237 бала қатысты. Түлектердің көбісіне футбол жай ғана хобби немесе уақыт өткізу емес, олар футболмен өзінің болашағын байланыстырып, кәсіби түрде айналысуда.


ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ

«Адамдарға деген махаббат – адамды биікке самғататын қанат»

(Максим Горкий, публицист, орыс совет жазушысы).

- **93** көзі көрмейтін және нашар көретін балалар Қазақстанның түрлі аймақтарында ашықарнайы сыныптарда оқиды
- **19** көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған арнайы сыныптар Астана, Ақтөбе, Ақтау, Қостанай, Өскемен қалаларында жұмыс істейді және Көкшетау қаласындағы «Нұр-бала» балабақшасында 1 топ жұмыс істеп жатыр

«Әлемді ашамыз» жобасында қатысып жатқан көзі көрмейтін және нашар көретін балалар саны



Жылдар / Балалар саны, жоба іске қосылғаннан бергі өсім



Сауле Сагимбаева
Астана қаласындағы №10 мектеп-гимназиясының тифлопедагогі

«...Біздің қазақстандық мамандарды дайындау үшін және көзі көрмейтін және нашар көретін балаларды оқыту үшін біліктіліктерін арттыру мақсатында Ресейден шақыртылған мамандар, біздің әріптестерімізге – тифлопедагогтарға арнайы сабақтар өткізді.

Қазақта «жақсылық бар жерде кемшілік жоқ» деген мәтел бар. Дәл осы принцип бойынша «Дара» қайырымдылық қоры балаларға білім алуға мүмкіндіктерді кеңейтіп қана қоймай, балалардың денсаулықтарын жақсартуға мүмкіндік жасайды. Балалар спортпен айналысады, ән айтады, би билейді, басқа да түрлі іс-шараларға қатысып, қоғамдық өмірге белсене қатысады, және ең бастысы – өздеріне деген сенімділікті нығайтады! Ата-бабаларымыз айтқандай, бұлақ көрсек көзін аш...», - Сауле Лябировна Астана қаласындағы №10 мектеп-гимназиясында көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған алғашқы сыныбымызды ашқанымызды есіне алып, көзінің мүкісі бар балалар кішкене көмекке мұқтаж болғанмен кәдімгі балалар екенін ескеріп, өзінің оқушыларын жылы лебізбен айтып отырады. Сауле Лябировнаның әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

Астана қаласындағы көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған №10 мектеп-гимназиясында теннис-шоудаун секциясы ашылды, осы жобаның аясын Алматы, Қостанай, Ақтөбе, Өскемен, Ақтау қалаларына кеңейту жоспарда бар.



Қарағанды қаласындағы «Айсұлу» балабақшасын көру қабілеті нашар балаларға арналған арнайы ойындар мен тактильді кітаптармен қамсыздардыру



Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында «Айсұлу» балабақшасының тірбиешілері мен ұстаздарына арнап қорымыз көру қабілеті нашар балалармен жұмыс істеу тәжірибесі мол Астана мен Көкшетау қалаларының мамандарының қатысуымен өткен тифлопедагогика бойынша практикалық семинар өткізді.

Айнұр Аймурзина
«DOS» жобасының жетекшісі



«Оқу жылы басталарда біз қатты қобалжыдық. Астана қаласының білім беру департаменті бізге оқу бағдарламасы туралы нақты жауап бермеді, мектептің басшылығы да біраз абдырап жүрді. Менің ойымша олардың бізге қояр сұрақтары көп болды: балаларға біз қандай жағдай жасай аламыз? Олардың денсаулықтары білім алуға мүмкіндік бермесе ше? Оқып бастағанның өзінде олардың білім деңгейін қалай бағалаймыз? Алайда бұл жобаны бастау үшін осындай мықты әйелдердің командасы жайдан жай жиналған жоқ қой! Шешілмеген сұрақтар әлі де көп болғанмен 31 тамыз күні біз мектептегі мұғалімдермен бірге парталарды, үстел үстіне Ресейден тапсырыспен алдыртқан Брайль бойынша оқуға арналған материалдар мен дәптерлерді дайындап, балаларды қарсы алуға әзір болдық.

1 қыркүйек болды. Балалар ата-аналарын мектеп алаңында қалдырып, алғаш мектеп қабырғасына аттап басты. Инсар, Абылай, Лиза, Шыңғыспен бірге парталарына тағы 4-5 бала отырды. Мені сол кезде таңқалдырған бір нәрсе, балалардың жасы әр түрлі еді. Инсардың жасы 7-де болса, Шыңғыс 10-да еді. Әр бала өзгеше еді – мысалы Абылай мектепке келер алдында Көкшетау қаласынан көшіп келіп, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің көмегін алған болса, Астанада тұрып жүріп үйінен мүлдем шықпаған балалар да болды» - Айнұр 10 жылдан астам уақыт бойы «Дара» қорында жұмыс істеп келе жатыр. 2014 жылы «Әлемді ашамыз» жобасының қатысушысы және осы жобаның қалай бастылғанының куәгері. Ол біздің Астана қаласындағы №10 мектеп-гимназиясында көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған алғашқы сыныбымызды қалай ашқанымыз жайындағы оқиғамен бөлісті. Балалардың жеткен жетістіктері мен олардың өмірлері қалай өзгертіндігін біз тіпті көз алдымызға елестете алмаған едік. Айнұрдың әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар

АУДИОДЕСКРИПЦИЯ: ҚАЗАҚСТАН МҰРАЖАЙЛАРЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Әралуандылық деген – сені мерейтойға шақыру,
Инклюзия – билеуге шақырғанда болады»

(Верна Майерс — саналуандылық сұрақтары туралы америкалық кеңесші,
Netflix-тің интеграциялық стратегиялар бойынша вице-президенті, авторы).



1 маусым күні «Дара» қоры Семей, Қарағанды, Павлодар, Атырау қалаларындағы мұражайлармен бірлесе отырып «Әлемді ашамыз: Қазақстан мұражайларында қолжетімді орта қалыптастыру» жобасының нәтижелері туралы презентациясын достары, серіктестері мен көпшілікке жария етті.

Аталған жобаның мақсаты – көзі көрметін және нашар көретін балалар мен үлкен кісілерге аудиодескрипциялар мен тактильді модельдер арқылы өнер туындыларымен танысуға көмектесу.

Аудиодескрипция көзі көрметін адамға ақпаратты жеткізудің ең маңызды тәсілдердің бірі болып табылады: объекті немесе құбылыстарды ауызша сипаттау – маңызды ештеңені өткізіп жатпағанын сезуге көмектеседі. Біз өз жобамызбен көркем фильмдерді, мультфильмдерді, театр қойылымдарын, спорттық іс-шараларды, концерттердің аудиодескрипцияларын жасау маңызды екенін көрсеткіміз келеді, ол тіпті біздің өмірімізде міндетті элемент болу керек дегіміз келеді.

Аудиодескрипция жобасына қатысқан серіктес мұражайлар:

- Шығыс-Қазақстан облысындағы Невзоровтар отбасының атымен аталатын бейнелеу өнері мұражайы
- Қарағанды облысындағы бейнелеу өнері мұражайы
- Павлодар облысындағы көркем өнер мұражайы
- Атырау қаласындағы Шаймардан Сариев атындағы көркемөнер және сәндік қолданбалы өнер мұражайы
- Астана қаласындағы ҚР Ұлттық мұражайы

Были озвучены:

130

-дан аса

экспонат, соның ішінде мұражайдың сыртқы келбеті мен ішкі көрінісі

30

-дан аса

тактильді модельдердің аудио сипатталары жасалды

10

сағаттан аса болды

Жалпы аудио жазбалардың ұзақтығы



Қасиет Омарова

«Дара» қорының қолжетімділік бойынша сарапшысы, жоба менеджері



«Менің атым – Қасиет Омарова. Мен туралы көзі көрмейтін суретші дейді, себебі мен көру қабілетімді толықтай жоғалтқанмын. Бірақ қанша дегенмен көзбен көрген бейнелер қиялың мен есінде кез келген жағдайда сақталып қалады екен. Көру қабілетімді жоғалтқаным бейнелеу

өнері екеуіміздің арамыздағы махаббатты жоя алмады. Сондықтан «Дара» қорының қызметкерлері Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайындағы суреттер мен экспонаттардың аудиодескрипцияларын жасауда менен кеңес беруімді сұрағанда мен қуана келістім.

Өз басым бұл жоба осыған дейін бейнелеу өнері әлемі жабық болған көзі көрмейтін және нашар көретін балаларды мұражайға келіп, сипаттамаларды тыңдап, тактильдік модельдерді ұстап көріп, бұл өмірдегі мұражайлардың не үшін керек екенін тереңірек оқуға баулиды. Өз сұрақтарына жауаптар алып, өнер жайында, еліміздің тарихы жайында, сызықтардың, түстердің үйлесімділігі, сюжеттер мен композициялар суретшілердің сан түрлі ойлары мен эмоцияларын қалай жеткізетінін түсіне алады» - Қасиет өзінің мұражайларға арналған аудиодескрипция жобасына қалай келгенін және бұл тәжірибенің өнер әлемінің жаңа есігін ашып, әлемнің басқа көптеген елдерінде аудиодескрипциялар жасау норма болып табылатыны туралы бөлісті. Мысалға Facebook пен Instagram, адамдар жариялайтын суреттерді қысқаша сипаттап береді. Netflix-та көзі көрметін қолданушылар сериалдар көру кезінде қолдана алатын «аудиодескрипция» деген арнайы батырма бар. Қасиеттің әңгімесінің толық нұсқасын QR-ды сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

Суреттер мен экспонаттардың аудиодескрипцияларына арналған тексттер «Gala Global Group» компаниясының мамандандырылған аудиодескрипторларымен дайындалды. Аудио сипаттамалардың түсініктілігін айқындау мақсатымен көзі көрмейтін эксперттер шақырылды, «Дара» қорының қызметкерлерінің келіп өткізген тренингтері барысында көзі көрмейтін және нашар көретін адамдармен жұмыс істеу барысын мұражай қызметкерлеріне үйрету сабақтары жүргізілді.

«Түймедей қыз» алаларға арналған қуыршақтар қойылымының қазақ және орыс тілдеріндегі аудиодескрипциясы дайындалды. Премьерасы Астана қаласының қуыршақтар театрында 2023 жылғы қаңтар айына жоспарланған.

Көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға мәдениет және спорт объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатымен аудио сипаттамаларды және басқа да элементтерді еңгізу тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел барысында Қазақстандағы БҰҰ-ның Даму бағдарламасы мен ҚР Ұлттық мұражайымен серіктестікте жасалған жұмыстар нәтижелерімен бөлістік. Жобаның нәтижесінде орталық және жергілікті атқарушы органдарға заңнамалық деңгейде аудиодескрипцияны жүйелі енгізу қажеттілігін және аудио сипаттамаларды жасайтын мамандарды дайындаудың өзектілігін көрсететін бірқатар ұсыныстар дайындалды.



ТӘЛІМГЕРЛЕР


«Жақсылыққа ақыл айтумен келу қиын, үлгі көрсетіп келу оңай»

(Сенека, мемлекет қайраткері, римдік философ).

- **15** қала «Тәлімгер» жобасының қатысушысы
- **2** жаңа қала: Тараз бен Петропавл 2022 жылы қосылды



Өзінің тәлімгер кейпіндегі үлкен досын кездестірген жасөспірімдер саны



Жылдар / Жұптар саны



Гүлжадыра Бекенова
«Тәлімгерлер» жобасының психологиялық қызметтер жетекшісі



«Балалардың көзінен жалын көру, тәлімгерлермен таныстыру кезінде шынайы қуанып адамның жүрегіне жылулық ұялатқан сәттер – менің жұмысымдағы жүректі елжірететін сәттер. Тәлімгер мен бала жұбын дұрыс табу – өте мұқият, филиграндық жұмысты талап етеді. Өз басым, бірін-бірі танымайтын екі адамға олар өмір бойы араласып дос болып кететіндей ықпал ету – үлкен жауапкершілік деп білемін», - деп Гүлжадыра ішіндегі ойларымен бөлісті. Оның әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

8 корпоративтік тәлімгерлер ұйымы балалар үйінен шыққан 146 балаға болашақта қажет болатын кәсіби шеберліктерін арттыру үшін тренингтер мен курстардан өтуге көмектесті



Пандемияның кесірінен 2 жыл бойы бізді ортақтастыратын мереке – Тәлімгерлер күнін атап өте алмадық, сондықтан болар биылғы кездесуіміз жылулық пен қуанышқа толы болды. Мереке 12 сәуірде болғанымен, біз оны дәстүр бойынша жазда өткіземіз. 2022 жылы Астана қаласында «Золотой фазан» демалыс орнында, Алматы қаласында «Аюсай» визит-орталығында балалар үйінің тәрбиеленушілерімен олардың тәлімгерлерін шықырып өткіздік.



Пандемияның кесірінен 2 жыл бойы бізді ортақтастыратын мереке – Тәлімгерлер күнін атап өте алмадық, сондықтан болар биылғы кездесуіміз жылулық пен қуанышқа толы болды. Мереке 12 сәуірде болғанымен, біз оны дәстүр бойынша жазда өткіземіз. 2022 жылы Астана қаласында «Золотой фазан» демалыс орнында, Алматы қаласында «Аюсай» визит-орталығында балалар үйінің тәрбиеленушілерімен олардың тәлімгерлерін шықырып өткіздік.

3 бөлімнен тұратын жинақ көптеген шынайы оқиғалар мен мамандар командасының жобаның жұмыс істеп жатқан 7 жылдан астам уақыт бойы жиналған бірегей тәжірибесін баяндайды. Бұл кітап мейірімге толы қоғамдық жобада ат салысқысы келетін, өмірдің қиын

жағдайларын бастан өткізіп жүрген балаларға көмектескісі келетін адамдарға мол пайдасын тигізеді анық. Оқырман жобаның психологтарынан жасөспірімдермен қарым-қатынас туралы пайдалы кеңестер мен маңызды сұрақтарға жауап ала алады. Кітаптың негізгі насихаттайтын ойы: тәлімгерлер деген – қарапайым адамдар, олардың өзгеше қабілеттері жоқ, тек бір ғана ерекшеліктері – шынымен көмекке мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге дайын ашық жүректері.

Аудиокітапты жазу барысында «Дара» қорының достары мен серіктестері, Алматы қаласындағы «New Generation School» мектебінің оқушылары қатысты. Аудиокітаптың қазақша версиясын жазуға «Қазақ радиосының» кәсіби дикторлары қатысты.



Бекназар Қазиев
Балалар үйінің тәрбиеленушісінің тәлімгері
2022 жылдан бергі «Тәлімгерлер» жобасының координаторы



«Жас келе адам өмірлік тәжірибе жинап, түрлі қиын сәттерді басынан өткізе алатындай жағдайда болады, бірақ балалар енді ғана қалыптасып келе жатқаннан оларға көмек керек болған кездерде қолымнан келгенін істеуге тырысамын. Жетімдік проблемасы бір күнде шешілетін нәрсе емес. Бірақ өзіңнің уақытыңды, көңіліңді, назарыңды аудару арқылы отбасысынан айырылған тым болмағанда бір балаға қол ұшын бере аласың.

Менің «Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы болғанымна міне 5 жыл болды, ал менің қамқорлығымдағы бала дапдардай дербес тұлға болып келе жатыр. Мен екеуімізді #НапарникиВПроектеНаставники (Тәлімгерлер жобасындағы серіктестер) деп атаймын. Екеуіміз танысқан кезімізде менің жасым 26-да еді, ал Виталий 13 жаста ғана болатын. Қазір мен 31-демін, ал ол 18 жасар жеткіншек. Жобада қатысқан уақыт ішінде екеуіміздің өмірімізде де өзгерістер болды, ал жақсы өзгерістер біздің айналадағыларымызға да әсер етті.

Менің өз тәжірибемнен айта алатыным, балаға өз ойыңды сіңдіріп, өз дегеніңді істетудің қажеті жоқ. Баланың өмірін бақылап, оған не қызық, ненің қызық емес екенін байқап, қарау керек. Өзіңе сиқыршы ретінде қараудың қажеті жоқ. Егер сенің жауапкершілігіңдегі адамға жақсылық тілесен оған тәрбие беру керек. Қаталырақ болып, өз сөзіңізде тұру керек. Мұның барлығы махаббатқа еш зиянын тигізбейді, бірақ тәуелсіз, ересек адамды өсіруге көмектеседі, – Бекназар өзінің жобаға қатысқандағы керемет тәжірибесі жайында айтып берді және егер оның кішкентай досы болмаса, жоба барысында істегендерін күнделікті өмірде істей алмайтындығын айтқаны жүректі ерекше тебірентеді. Бекназардың әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

FUNDARAISING.KZ

«Біздің заманымыздың үлкен дағдарыстары бізден көп нәрсе істегенімізді талап етеді!»

(Билл Гейтс, американдық кәсіпкер, филантроп).

fundraising.kz жаңа жылдық жәрмеңкесінде 34 395 368 теңге жиналды

Жаңа жылдық акцияның мақсаты – балалар үйінің тәрбиеленушілерінің армандары – ЖОО мен колледждерге түсуге көмектесу. Балалар тәрбиеленген мекемелерінен өздерінің қалаған мамандығын таңдап, қоғам өміріне сіңісіп, өз бетімен өзін-өзі қажеттерімен қамтамасыз етуді үйреніп, тәуелсіз, толыққанды ересек адам болып шыға алады.

70 жасөспірім «Білім беру курстары» жобасына қатысып, ЖОО мен колледждерге түсуге дайындалып, білімін арттыруды қажет ететін пәндерден қосымша сабақтар алуына мүмкіндіктері болды

Қайырымдылықтан жиналған қаражаттың арқасында қор қарауындағы балаларға қажетті көмекті 2023 жылы «Тәлімгерлер» жобасы бойынша ұзақ мерзімді және жүйелі көмек көрсетуді жоспарлай аламыз. Балалар ҰБТ емтихандарына сапалы түрде дайындалып, мектеп бағдарламасын оқу кезінде елеусіз қалып қойған тақырыптарды қайта оқи алады.



Әсел Шайдикешова
«Тәлімгерлер» жобасының координаторлық қызметінің жетекшісі



«Маған 2020 жылы балалар үйінің бір түлегі Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеттің «Биология және сабақтас ғылымдар» мамандығы бойынша грант ұтып алған кездегі мақтаныш пен қуаныш сезімдері ерекше есімде қалды. Мен оның ҰБТ-ға қалай ден қойып дайындалғанын, 2 жыл бойы математика мен химия пәндерінен бірде-бір сабақты жібермей, әр үй тапсырмасын орындап жүргенін көрдім.

2019 жылы қыркүйек айында ол сынақ тестілеуі нәтижесінде өтуге қажетті баллдың төменгі шекарасынан өте алмай қалған еді, ал мұғалімі оның білімін барынша тез арада көтеруге тырысып жүрді. Кейін пандемия басталып балалар үйі карантинге жабылып қалды. Сол кезде біз сабақтарды онлайн форматқа ауыстырдық, бірақ көп балалар балалар үйіндегі интернеттің нашар болғанының салдарынан сабақтарын өткізіп алуларына тура келді. Бірақ дәл осы тәрбиеленуші оқуын тоқтатпай ары қарай жалғастырды. Оның сабақтары сол уақытта мүмкін болған барлық платформаларда: WhatsApp, Skype, Zoom видеоқоңыраулары арқылы жүргізілді. Бірақ сол қиындықтардың өзі ол баланы тоқтата алмады. Басқа балалар аулада уақыт өткізіп жүрген кезде ол ынтамен сабағын жалғастырды.

Сөйтіп жүріп ҰБТ тапсыратын күн туды. 84 балл! Мен өзім оқуға түскенде сол балаға қуанғандай қуанбаған шығармын! Менің ішімде біздің жұмысымыздың керемет нәтижелерін көрген кезімде тәнті болып, мақтаныш сезімге толы болдым. Мен біздің оқытушылармен дайындалып, ЖОО мен колледждерге балалар оқуға түскен кезде, балалардың білім алып, сабақтарына ынтамен қатысып жүргенін көргенде, белгілі бір пәндерді жақсы меңгеріп, жетістіктерге жеткендерін көргенде қатты қуанамын!


Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне білім алу өте маңызды нәрсе, егер олардың оқуға деген ынтасы болса, оны қолдап, көмектесуіміз керек!» - Әселдің әңгімесінің толық нұсқасын мына QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдай аласыздар.

ҚОРҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?

«Бізге қайырымдылық жасай алу игі мүмкіндігі берілген, онсыз біз дамып, өсе алмас едік»

(Свами Вивекананда, қоғам қараткері, философ, біртуар үнді йогы).

- Коммерциялық емес ұйымдарды донорлармен, волонтерлармен біріктіретін **GlobalGiving** краудфандингтік платформасында. Сіздер өз достарыңызға біздің GlobalGiving-ға қатысымызды, сол платформадағы балалар үйінің жасөспірімдеріне көмек көрсететін «Тәлімгерлер» жобасы туралы айтсаңыз болады. Балаларға бір реттік ойыншықтар мен концерттерден гөрі жүйелі көмек көрсеткен әлде қайда пайдалырақ болады.
<https://www.globalgiving.org/projects/gift-personal-mentors-to-100-orphans-in-kazakhstan/>



- **Tooba** мобильдік қосымшасында, коммерциялық емес ұйымдарға адрестік немесе жүйелі қаржылай қайырымдылық аударымдарын жасауға арналған краудфандингтік платформа. Біз балабақша жасындағы көзі көрмейтін немесе нашар көретін балалардың мүмкіндіктерін арттырып, әлеуметтенуіне көмектесу үшін «Әлемді ашамыз» жобасы аясында қаражат жинауды аштық. Қосымшаны жүктеп, көзі көрмейтін немесе нашар көретін балаларға мүмкіндіктерін арттырып, әлеуметтенуіне көмектесейік!



- **Kaspi.kz, Jusan** банк қосымшалары арқылы, **Tayyab** қаржы сервисінде «Қайырымдылық» бөлімінде біздің қорымызды таңдап жібере аласыз. Және Kaspi.kz қосымшасы арқылы QR-кодты сканерлеу арқылы оңай аударымдар жасай аласыз. Сіздердің көрсеткен қаржылай көмектеріңіз балалар үйіндегі жасөспірімдерге «Тәлімгерлер» жобасы бойынша көрсетілетін жүйелі көмекке бағытталады.

- **www.dara.kz** сайтында «Көмек көрсету» бөлімінде сіз біздің қорымыздың бір бағытын таңдап алып («Инклюзия», «Тәлімгерлер» бағдарламалары), төлем жасау тәсілін таңдай аласыз (бір реттік немесе жүйелі көмек). Біз әрдайым кері байланыс жасап, қаражаттың қалай жұмсалғандығы жайында жылдық есебімізде көрсететін боламыз.



- Қорымыздың **www.fundraising.kz** платформасынан жіберілген қаражат қордың басқа да фандрайзингтік акцияларының аясында жүргізілетін түрлі жобаларына бағытталады.

ДЕМЕУШІЛЕР КАРТАСЫ



Біз үшін қайырымдылық жобаларын іске асыру үшін серіктес таңдаудағы ең басты талаптар сенімділік пен ашықтық сұрақтары болған еді. «Дара» қоры сол талаптарды 200% қанағаттандырады деп есептейміз. Ал 2015 жылы өзіміздің алғашқы жылдық есебімізді 35 беттік құжатта көргенде, ойымыздың дұрыстығының дәлелі деп түсіндік.

Және біз үшін көзге анық көрінетін ұзақ уақыттық әсері және себеп-салдар байланысы болуы маңызды болды. Нақтырақ айтқанда ППТК өз қызметтерін көптеген ерекше балаларға жүйелі түрде көрсетіп, ал ол өз кезегінде жалпы білім беру процесі мен қоғам өмірімен бірлесуі арқылы өзінің нақты жемістерін беруде.

Қорымыздың жұмысы негізінде «дұрыс» әрі «дана» қайырымдылық принциптері жатыр. Оның мағынасы: қажетті “боксті” тауып оған жай ғана белгі қойып кету емес, ұзақ мерзімді, тиімді көмек көрсету.

Рахат Дармеш

«East Trade Solutions» ЖШС негізін қалаушы



Біздің армандағы өмірімізді жасау, бүгіннен басталады. Сондықтан Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамыту біздің жұмысымыздың маңызды бөлігі болып табылады. Біздің ойымызша білім алу кез келген балаға қолжетімді нәрсе болуы керек. Сондықтан осы бағыттағы «Дара» қорымен жүріп жатқан нәтижелі серіктестігімізге өте қуаныштымыз.

Павел Салихов

Mars Kazakhstan, корпоративтік сұрақтар бойынша директор



«Дара» қорының игі істерінің бір бөлігі болу біз үшін адамға тән жақсы істерді жасауға мүмкіндік, үлкен құрмет. Әрбір бала ғажайыптарға лайықты, әрбір ересектің міндеті оған үміт сыйлау, себебі бөтен бөбек болмайды ғой. Мен бұны тек бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ғана емес, әрбір саналы адамның жүрегінен орын табуы шарт нәрсе деп білемін.

Долорес Пшембаева

«Павлодарский речной порт» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы



Біздің «Дара» қорымен серіктестігіміз бен достығымыз PwC Kazakhstan-ның еліміздегі әлеуметтік сұрақтарды шешуге деген ұмтылысына негізделген. Осы нәрсе әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан алғанда біздің бизнесіміздің маңызды құраушысы болып табылады.

Дана Инкарбекова

Қазақстандғы PwC-дің басқарушы серіктесі

ЖОБАЛАР

СЕРІКТЕСТЕР МЕН ДЕМЕУШІЛЕР

ИНКЛЮЗИЯ

- Психологиялық-педагогикалық тузету кабинеттер және Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары аясын кеңейту;
- Әлемді ашамыз;
- Аудиосипаттама: Қазақстан мұражайларындағы қолжетімді;
- Алматы қаласындағы би секциясы;
- Алматы қаласындағы футбол секциясы;

ТӘЛІМГЕРЛЕР:

- Жеке тәлімгерлік;
- Корпоративтік тәлімгерлік;
- Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған білім беру курстары;

«East Trade Solution» ЖШС, «Филип Моррис Казахстан» ЖШС, «Azimut-Lux» ЖШС, «Шеврон» компаниясы, «Марс Казахстан» ЖШС, «ПрайсуотерхаусКуперс» (PWC), «Sheber Partners» ЖШС, «РТС ЛТД» ЖШС, «Казахювелир» АҚ, «LVMH P&C Kazakhstan» ЖШС, «Халықаралық Алматы Әйелдер Клубы» ҚҚ (AIWC), «ҰРПАҚ» ЖШС Любовь Пак, Айгуль Ибраимова, Айман Андаспаева, Арман Дунаев, Зинат Шаекина, Жания Сауранбаева, Севиль Амангельдиева, Benevity Causes халықаралық краудфандингтік платформасы, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы (ННПЦРСИО), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Невзоровтар отбасы атындағы Шығыс-Қазақстан облыстық бейнелеу өнері мұражайы, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайы, Павлодар облыстық көркемдік және сәндік-қолданбалы өнер мұражайы, Астана қаласындағы ҚР Ұлттық мұражайы, Астана қаласының әкімдігінің “қуыршақтар театры”, Әкімшіліктер мен қалалар мен облыстық білім беру басқармалары

«Эрнст энд Янг Казахстан» ЖШС, «Солнечный город» қайырымдылық қоры, «РТС Деко» ЖШС, «РТС ЛТД» ЖШС «Change PR», «Alphamet» ЖШС, «Keleshek Social Charity Fund» Қоғамдық қоры, Charity Reading Bookclub фандрайзинг шараларынан жиналған қаражаттар, Мутасов В.С. ЖК, Гульнар Досаева, Гаухар Абыкаева, Гуляим Кунакбаева, Олег Новачук, Канатбек Сафинов, Гульнара Шакирова, Жанна Оспанова, Бейбит Алибеков, ТОО «ПрайсуотерхаусКуперс», «Клокстер» ЖШС, учебный центр по проведению курсов первой помощи «ПерваяПомощь.kz» алғашқы көмек көрсету курстарын өткізетін оқу орталықтары, «OzgeArt» кино клубы, школа программирования «Jusan Singularity» бағдарламалау мектебі және «iTeacher Academy», «Joule27» мейрамханасы, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы, «Novotel Living Almaty Jetisu» қонақ үйі, «LikeAgency» агенттігі, Алматы технологиялық-экономикалық колледжі, «Меломан Home Video» ЖШС, «Сентябрь» маркетплейсі, «Аюсай» визит-орталығы, «Тау» кафесі, «Orchestra» дүкені, Сауле Аманжол, «Magnum Cash&carry» ЖШС, Гульжазира Жаркешова, Омер Акбас, Қалалар мер облыстар әкімдіктері мен білім беру басқармалары, daga.kz сайтынан келген электрондық түсімдер, «First Heartland Jusan» АҚ, Kaspi.kz қосымшасындағы түсімдер

НОВОГОДНЯЯ

ЯРМАРКА

FUNDARAIING.KZ

«Қазақмыс» корпорациясының қызметкерлері, fundraising.kz сайты арқылы келген электрондық түсімдер, «G&G» дүкендер желісі мен оның серіктестеріндегі «Тілектер шыршасы» фандрайзингтік шарасы аясында жиналған қаражаттар